

«ЕЛ КӨШІН БАСТАУ – ЕРГЕ СЫН...»

– Нұрбақыт Молдахметұлы, мемлекеттік қызметте жауапкершілікті – іскерлікпен, біліммен, тәжірибемен айқындап беретін аудан әкімі лауазымындағы алғашқы қадамыңыз қалай, неден басталды?

– Жердің, елдің алдындағы перзенттік парызды жоғары деңгейде өтеу мақсатында мемлекеттік қызметтегі жоғары лауазымындағы алғашқы қадамым осы Кеген ауданы әкімі қызметінен басталды. Бұл жұмысқа дейін мемлекеттік қызметтің алғашқы баспалдақтарынан өттім.

Қарапайым отбасында 11 баланың бірі болып өстім. Малды ауылда жаз жайлауда, қыс қыстауда мал шаруашылығымен айналысқан әкем Молдахмет, анам Рысжан ата-баба ұлағатын бойыма сіңіріп, ұлттық рухтың қайнар көзінен сусындадым. Мектеп қабырғасында жүргенімде Панфилов ауданы Үшарал ауылында грек-рим күресінен үйірме ашылғанда ішкі екпінмен құлшына барып, бірден қабылданып, үлкен спорттың даңғыл жолына түстім. Спорт саласында аттары әлемге әйгілі тұғырлы тұлғалардың тәрбиесін көріп, үлкен спортқа қадам басқанда ұстаздарым Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов ағаларымыздың «Сендер осы спорттағы табандылықтарыңнан таймасаңдар болашақта Қазақстанның Көкбайрағын әлемнің әр түкпірінен желбіретесіңдер. Елдің намысын қорғайсыңдар. Ел алдындағы жауапкершілікті жете сезініңдер шет елдерге барғанда қазақ жігіттерінің мықтылығын көрсетіп, дәлелдендер» деген сөздері санамызға сіңіп қалды. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші спорт саласында көк Туды желбіреттік. Өмірдің өзі жеңіс пен жеңілістен тұратынын да сол ағалар үйретті. Өмірдің ыстық-суығын үйреткен спорт мектебі маған үлкен тәрбие берумен қатар, табандылыққа шыңдады.

Спортта үлкен белестерді бағындырдым. Жетістігім үшін барлық қажеттіліктерімді мемлекет жасады. Ел алдында беделім де мерейім де өсті.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛМАҒАЙЫП ӘЛЕМ: БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған делегация Женева қаласында өтіп жатқан Парламент спикерлерінің VI дүниежүзілік конференциясына қатысты.



БИЛЕР СОТЫ

ӘДІЛЕТТІЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІ-ӨНЕГЕ

Кеше ғана баспадан Ұлы Абайдың 180 жылдығын атап өту аясында белгілі заңгер, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы О.С.Қожабаевтың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде «Қазақтың билер мектебі: Майқыдан Абайға дейін» атты еңбегі жарық көрді.

Қазақтың дәстүрлі құқық институттарының тарихи рөлі тақырыбы екі ғасырға жуық уақыт бойы көптеген зерттеушілер буындарының елеулі назарын аудартып келеді. Бұл, ең алдымен, қазақ этносының тұтастығын тіпті тарихтың ең ауыр кезеңдерінде де сақтап қалуға мүмкіндік берген, қоғамдық қатынастарды тиімді реттеуді қамтамасыз еткен билер сотының бірегей феноменімен түсіндіріледі.

Осылайша, Ресей билігі XIX ғасырда Қазақстандағы ықпалын жүйелі түрде әртүрлі әдістермен кеңейту барысында дәстүрлі қазақ сотының империялық сот жүйесімен салыстырғандағы артықшылығын бірнеше

рет мойындауға мәжбүр болды. Мысалы, «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ереже» (1844 ж.) билер сотының қызмет аясын күрт тарылтып, олардың өкілеттіктерін тек жеңіл қылмыстық істермен және 50 рубльге дейінгі азаматтық талаптармен шектеген кезде, бұл артық бюрократияның дамуына, сыбайлас жемқорлықтың өршуіне әкеліп соқты, соның себебінен жергілікті халықтың өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін едәуір қиындатты.

1846 жылы шенеунік Н.С. Любимов өзінің Сыртқы істер министрлігіне жолдаған баяндамасында ашық түрде мойындап, былай

деп жазды: «Тергеу тәртібіне келер болсақ, Ереженің 58-бабына сәйкес талап сомасы 50 күміс рубльден асатын барлық істер жалпы мемлекеттік заңдарға сай комиссияда қаралуы тиіс. Сондықтан мұндай істер бойынша ордада ресми түрде тергеу жүргізіліп, хат алмасу, сұрау салу және басқа да рәсімдер орындалуы қажет. Алайда қырғыздардың (қазақтардың) біздің құқықтық рәсімдерімізді, жоралғыларымызды білмеуі, тіпті орыс тілін білмеуі және тіпті хат жаза алмауы себепті, олардың билеушілері үлкен қиындықтарға тап болуда. Істер жиналып қалады, қажетті жылдамдықпен қаралмайды, ал қырғыздар мұның бәрін жүгенсіздік ретінде қабылдайды. Маған сұлтан-басқарушылармен старшындар бұл мәселелерге қатысты бір істің қағазбасты хат алмасуымен жүргенше, қазақтың әдет-ғұрпы бойынша 20 істі шешуге болар еді, сонда қа-

зақтар әлдеқайда разы болар деді. Жалпы, олардың қалауы – барлық істерді (әрине, аса маңызды қылмыстық істерден басқасын) қазіргі белгіленген тәртіп бойынша емес, бұрынғыдай, Ереже шыққанға дейінгі сияқты, өз дәстүрлеріне сай шешуге рұқсат беру».

Алайда билер сотының артықшылығы тек шешімдердің жедел қабылдануы мен артық қағазбастылықтың болмауымен шектелмеді. Шешімдердің өздері халық тарапынан әділ деп танылатын, ал бұл дала әділ сотының басты қағидатымен байланысты еді. Судья рөлін тек даусыз қоғамдық беделі бар және мінсіз жеке абыройға ие адам ғана атқара алатын. Бұл факт қазақ қоғамын идеализациялауға мүдделі болмаған сыртқы бақылаушылардың өзі бірауыздан мойындаған жағдай еді.

(Жалғасы 2-бетте)

4-бет



Жемқорлыққа қарсы тұру – елінді қорғау

6-бет



Жасөспірімдердің ата-аналарына әкімшілік шара қолданылды

8-бет



Шахизаданың құпиясы

ПАЙЫМ

«Тілі жоқ халық – балық» дейді дана халқымыз. Бұл сөздің түп-төркіні тереңде. Тіл – ұлттың жаны, рухы, тарихы мен мәдениеті, өткеннің өнегесі мен келешектің кепілі. Өзінің ана тілін құрметтеген ел ғана болашағын баянды ете алады. Ал мемлекеттік тілдің беделін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту – баршамыздың, әсіресе құқық қорғау мен сот саласында жүрген мамандардың азаматтық әрі кәсіби борышы.

ТІЛ – ЕЛДІК БОЛМЫСЫМЫЗДЫҢ ТІРЕГІ

ҚР Конституциясының 7-бабында қазақ тілі – мемлекеттік тіл екені тайға таңба басқандай анық жазылған. Бұл қағидат тек қағаз жүзінде емес, нақты өмірде, сот залдарында, сот құжаттарында, құқықтық қатынастарда күнделікті қолданылуға тиіс. Өйткені мемлекеттік тілдің мәртебесі заң жүзінде ғана емес, өмірде де көрініс табуы арқылы нығаяды.

Судья ретінде біз күн сайын түрлі санаттағы істерді қараймыз. Сол кезде байқайтынымыз – азаматтардың көбі, әсіресе кәсіби заңгерлер мен адвокаттар өтініш, арыз, талап-арыздарды әлі де орыс тілінде рәсімдейді. Әрине, заң бойынша азаматтар өздеріне ыңғайлы тілде жүгіну құқығына ие. Алайда мемлекеттік тілдің беделін көтеру үшін, ең алдымен, құқық саласының мамандары үлгі көрсетуге тиіс. Заңгерлер, адвокаттар, прокурорлар және судьялар мемлекеттік тілде іс жүргізуді дағдыға айналдырса, бұл қоғамға үлкен серпін береді.

Біз тіл мәселесін тек формальды талап ретінде емес, ұлттық мүдде тұрғысынан қарауымыз қажет. Себебі тіл – елдік ерекшелігімізді айқындайтын басты белгі. Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу – азаматтардың өздерін еркін сезінуіне, әділдікке деген сенімінің артуына да ықпал етеді. Ана тілінде сөйлеу – адамға рухани күш, сенім береді. Бұл сот төрелігінің қолжетімділігін арттырудың да маңызды тетігі.

Қазақ тілінде іс жүргізудің тағы бір артықшылығы – ұлт бірлігін күшейту. Мемлекеттік тілде сөйлеген әрбір сөз – ұлттық сананы оятады, халықты жақындастырады. Қазақ тілінде жазылған әрбір сот шешімі – болашақ ұрпаққа қалатын құнды құжат. Сондықтан



да сот процестерінде қазақ тілін барынша кеңінен пайдалану – бүгінгі ұрпақтың келешек алдындағы жауапкершілігі.

Әрине, тіл мәселесін тек сот жүйесі арқылы шешу мүмкін емес. Бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ ісі. Дегенмен сот саласы әділеттің айнасы ретінде халыққа үлгі болуға тиіс. Біз мемлекеттік тілдің тек рәміздік сипатына емес, нақты іс жүзіндегі қолданысына көңіл бөлсек, оның қадірі де, қауқары да арта түседі.

Қазақ тілінің дамуы мен қолданысын кеңейту жолында бірнеше маңызды қадамдарды атап өткім келеді:

- Ең алдымен, заңгерлер мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік меңгеруі қажет;
 - Сот процесінде іс жүргізуді негізінен қазақ тілінде жүргізу тәжірибесін орнықтыру керек;
 - Заң құжаттары мен сот актілерінің қазақ тілінде сауатты әрі түсінікті жазылуына мән беру қажет;
 - Мемлекеттік тілді құрметтеу – әр азаматтың жүрегінен басталатынын түсіндіру маңызды.
- Қорыта айтқанда, тіл тағдыры – ел тағдыры. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің аясын кеңейту – ұлттық санамызды, рухымызды көтеру. Заңгерлердің, судьялардың, прокурорлардың ана тілінде іс жүргізуі – мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, болашаққа жарқын жол ашады. Ендеше, әрбір ісімізде де, сөзімізде де мемлекеттік тілге деген құрметімізді нақты іспен дәлелдейік. Себебі тіл – ұлттың мәңгілік темірқазығы.

Е.БЕГЕНОВ,
Түпқараған аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БИЛЕР СОТЫ

ӘДІЛЕТТІЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІ-ӨНЕГЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол 1846 жылы Орынбор шекара комиссиясы Кіші жүздің қазақ көшпелі аймақтарына арнайы тапсырмамен шенеунік Л. д'Андрені жіберді. Ол қайтып оралған соң «Ордада заң күші бар қырғыз әдет-ғұрыптарының сипаттамасы» атты еңбегін дайындады, онда, атап айтқанда, былай делінген: «Би – судья өз міндетіне сәйкес істі қарастырып, әркімнің әділеттілікті сезінуін қамтамасыз етіп, жәбірленушіні қанағаттандырып немесе қылмыскерді жазалап, өз ар-ұжданынан басқа ешбір билік алдында есеп бермейді. Сондықтан оның ордадағы ықпалы, күмәнсіз, тіпті сұлтандардың өздері үшін де қол жетпес дәреже болуы мүмкін. Сол себепті ордалықтарды биге жүгінуге билік күші немесе байлық мәжбүрлемейді, қайта, халықтың өзі ортақ игілігі үшін таңдаған адамның әділ шешімін іздеуге деген ішкі ұмтылыс итермелейді».

Табиғи зеректік, ерекше рухани қасиеттер, оған қоса өмірлік тәжірибе мен үлгілі сыпайылық – бұл би атағын иеленуге құқық беретін қасиеттер және сонымен бірге оның бар байлығы».

Бұдан кейінірек Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек те былай деп атап өткен: «Судья міндеті би деп аталатын адамдарға жүктелген. Бұл атақ халық санасында табиғи ақыл мен шешендік қабілетті өз бойында терең халық әдет-ғұрыптары мен оның тарихи аңыздарына деген мол

біліммен ұштастыра білген санаулы адамдарға ғана тиесілі. Би атағы тек осындай табиғи қабілеттер мен олардың жинаған білімдерінің жиынтығы арқылы ғана лайықты болып саналады; басқаша айтқанда, би – халықтың тірі шежіресі, оның заңгері әрі құқықтанушысы».

Қызығы, билер сотынан әділдік іздеуді тек қазақтар ғана емес, XIX ғасырда Қазақстанға қоныс аударған басқа халықтардың өкілдері де жөн көрген. Мысалы, қазақ құқығының тағы бір зерттеушісі әрі білгірі А.К. Гейнс «Қырғыз-қайсақтар» атты очеркінде былай деп жазған: «Билер (жақсы адамдар) соты тез шешім қабылдайды және ауызша жүргізіледі; ол айтарлықтай әділ және әрдайым парадан ада, сондықтан тек қырғыздардың (қазақтардың) ғана емес, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері мен казактардың да құрметіне ие. Олардың көпшілігі, әсіресе қазақтарға қатысты талап қою істері бойынша, билер сотына өз еркімен жүгінеді».

Қырғыздардың (қазақтардың) біздің сотқа деген сенімсіздігі соншалық, олар қылмыстық істерді барынша бірауыздылықпен жасырып, соңғы шешімді билер сотымен шығаруға тырысады».

Қазақ билер соты феноменіне арналған еңбегінде Өмірсерік Сағындықұлы Қожабаев негізінен Ш. Уәлиханов, Л. Словоохотов, П. Маковецкий, Г. Потанин және басқа да көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сүйенеді. Бұл құнды ғылыми еңбектер кешенін ешбір

адал зерттеуші елеусіз қалдыра алмайды.

Сонымен қатар, автор Майқы би, Әнет би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Кеңгірбай би, Қараменде би және дала заң жүйесінің басқада көптеген көрнекті өкілдерінің өмірі мен қызметі туралы қазақ халық аңыздарынан алынған деректерді кеңінен пайдаланады, олардың шешім үлгілерін, жарқын афоризмдері мен өсиеттерін келтіреді. Кітапта, сондай-ақ ұлы Абайдың құқықтық қызметі, оның «Қарамола жарғысын» әзірлеуге қатысуы жан-жақты қарастырылып, бұл қазақтың дәстүрлі құқығы жинағының мазмұны ашып көрсетілген.


Осылайша, оқырман назарына ұсынылған бұл кітап қазақ құқығы тарихының бай әлеміне қызықты әрі тартымды саяхат жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өткеннің осы мәліметтерімен танысу оқырманға қазіргі заманның өзекті мәселелері мен елдің болашақ даму перспективалары туралы ойлануға негіз болады.

Белгілі болғандай, құқықтық мемлекет құру жолындағы басты шарттардың бірі – заңның үстемдігін қамтамасыз ету және тәуелсіз әрі әділ сот жүйесін қалыптастыру. Бабаларымыз бұл міндеттерді шынайы демократия мен меритократия қағидаларына сүйене отырып шеше білді. Бұл дәстүрлі ұлттық құндылықтар жүйесінің әділетті және еркін қоғам идеясына негізделгенін білдіреді.

Бұл тарихи тәжірибе қазіргі қазақстандықтар үшін маңызды практикалық және моральдық мәнге ие. Ұлттың өз күшіне және мүмкіндіктеріне сенбеуі көбінесе дамуға елеулі кедергі келтіретіні жасырын емес. Өз кезегінде, нигилистік көңіл-күй көбінесе өз тарихымен мәдениетіне деген көңіл қалушылықтан туындайды.

Сондықтан қоғамдағы салауатты күштерді шабыттандыра алатын тарихи деректерді өзектендіріп, кеңінен насихаттау аса маңызды. «Қазақтың билер мектебі: Майқыдан Абайға дейін» кітабы бұл ағартушылық миссияны толықтай орындайды.

Радик ТЕМІРҒАЛИЕВ,
«Қазақ тарихи қоғамы»
ҚБ Басқарма төрағасы



МЕДИАЦИЯ

Қазыналы қарттар, абыз ақсақалдар бата бергенде «Елі іші даудан аман болсын!» деп жатады. Бұл елдіктің тұғыры берік болсын деген ізгі тілектен, ұлы мұраттан туған қанатты сөз болса керек. Дегенмен қай заманда да ел ішінде түйіткілді мәселелер болған. Мұндай кезде ертедегі көшпенді ел келелі жиын өткізіп, мәселені ой талқыға салған.

ТАТУЛЫҚТЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Қазақ даласында билер билігі салтанат құрып тұрған кезде, кез келген дау бір ауыз сөзбен түйінделіп отырғаны мәлім. Төле, Қазыбек, Әйтеке билерден қалған даналық, тапқырлық бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еді. Мәселен, Қазыбек бидің қазақ пен қалмақтың қалың қолы ұрыс даласында шеп құрып тұрғанда айтқан әйгілі сөзі бітімгерліктің нағыз үлгісі еді. «Сен темір де, біз көмір, еріткелі келгенбіз. Екі еліктің лағын, теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге, танысқалы келгенбіз. Қазақ-қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз...» деген тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ел іргесін жаудан аман сақтап қалды.

Қазақ даласындағы билер институты – медиация саласының түп қазығы деуге толық негіз бар. Медиацияның түпкі мақсаты – тараптарды бір ортақ пікірге

тоғыстыру. Ал қос тарап бірдей қолдайтын шешім – әділ шешім. Әділдік ғана қос тарапты, тұра сол сияқты бүкіл қоғамды біріктіре алады. Медиация – біртұтастыққа жол ашады. Мемлекет басшысы өз сөзінде жиі айтатын: Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің, Әділетті Қазақстанның бір тірегі медиация саласы болмақ. Сондықтан елімізде осы саланың қарыштап дамуы маңызды. Сөз басында айтқанымыздай, медиация – қазақ қоғамына жат, таңсық дүние емес. Бұл кезіндегі билер даналығынан тамыр тартатын сала. Оған қоса, еліміз қашан да сөзге тоқтаған, аталы сөзден аттап кетпеген. Сол игі қасиет бүгінгі буынның бойынан табылары да сөзсіз.

Архат ЖАҒЫПАР,
Жарма аудандық сотының судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ТАТУЛАСУ

РУХАНИ ҮЙЛЕСІМ БАСТАУЫ

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани дүниетанымы мен өмір салты бейбітшілікті, ауызбіршілікті, сыйластықты жоғары қойған.

Дала мәдениетінде дау-дамайдан, жанжалдан гөрі, татуласуға, келісімге келуге басымдық берілген. Бұл үрдіс – көшпелі өмір салтының, руаралық қатынастардың, туыстық байланыстардың нәтижесінде қалыптасқан терең әлеуметтік-мәдени тәжірибе.

Татуласу дәстүрі арқылы қазақ халқы қоғамдағы тұрақтылықты, ынтымақты сақтап, ұрпақтар сабақтастығына негіз болған құндылықтарды ұлықтап отырған. Ел ішіндегі кез келген келіспеушілік, дау-жанжал би-шешендердің арағайындығымен шешіліп, тараптарды бітімге шақыру арқылы бейбіт жолмен реттелген.

Бұл үрдіс халық арасында «бітімге келу», «кешірім жасау», «дауды далада қалдыру» сияқты ұғымдармен бейнеленіп, ұлттық танымның ажырамас бөлігіне айналған. Қазақта «Дос ренжіссе де, келіспей қоймайды», «Ағайынның арасында араздық ұзаққа бармайды» деген мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Бұл сөздер қазақ халқының ұстанған ұлы ұстанымын, яғни та-

тулық пен кешірімділікті алдыңғы орынға қойғанын дәлелдейді. Реніш пен араздықты ұлғайту, кек сақтау – қазақ менталитетіне жат әрекет деп саналған. Сол себепті де қазақ қоғамында дау-дамайдың алдын алу, татуласу рәсімдерін ертерек ұйымдастыру маңызды болған.

Ежелгі билер институты осы жолда маңызды рөл атқарған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды тұлғалар тек құқық қорғаушы немесе төреші ретінде ғана емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтаушы, бейбітшілікті жаршысы, адамгершілік ұстанымының үлгісі ретінде халық жадына сіңген.

Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық жүйесі мен моральдық-этикалық нормалары – татуласу рәсімдерімен тығыз байланысты. Бұл дәстүр тек нақты дауды шешудің емес, жалпы қоғамдағы әділеттілік пен адалдықтың сақталуының кепілі болған. Осындай терең мағынасы мен тарихи негізі бар татуласу мәдениеті – қазақ халқының ауызбіршілігі мен ұлттық тұтастығының айқын көрінісі.

Қазіргі қоғамда адамдардың арасындағы дау-дамайлар, түсініспеушіліктер, жанжалдар бұрынғыдай тек руаралық, жер дауы не мал дауына емес, енді көбіне күн-

делікті тұрмыстық кикілжің, мүлік бөлісу, отбасылық араздық, қызметтік дау, сот процесіндегі келісім мәселелері арқылы туындап отыр. Осындай жағдайда ата-бабаларымыз ұстанған татуласу мәдениеті бүгінгі таңда медиация, бітімгершілік және бейбіт келісім тәрізді құқықтық-қоғамдық жүйелермен үндесіп, жаңа мазмұнда жалғасын тауып келеді.

Қазіргі медиаторлар – қазақтың ежелгі би-шешендерінің ізбасарындай: олардың мақсаты да дауды ушықтырмай, екі жақты татуластырып, мәселені әділ жолмен шешу.

Қорыта айтқанда, татуласу дәстүрі – ұлттың ұлы мұрасы ғана емес, ол – бүгінгі қоғамға қажет, болашақ ұрпақ үшін де маңызды рухани-адамгершілік құндылық. Бұл дәстүрдің өміршеңдігі оның халықтың жүрегінен орын тапқанында, уақыт пен заман талабына сай бейімделе алуында жатыр. Ендеше, татуласу рәсімдерін ұрпақ санасына сіңіру, оны әлеуметтік қатынастарда қолдану – ұлттың тұтастығын, қоғамның тыныстығын сақтаудың бірден-бір жолы.

А.БЕКМУРЗИНА,
Шалқар аудандық сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛМАҒАЙЫП ӨЛЕМ: БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл спикерлер конференциясы «Алмағайып өлем: баршаға ортақ бейбітшілік, әділет және өркендеу жолындағы парламенттік ынтымақтастық пен көпқырлылық» тақырыбына арналды. Отырысқа 115 елдің өкілі қатысты, соның ішінде 80-нен астам Парламент спикері бас қосып отыр.

Тараптар көпжақты қарым-қатынасты нығайту, бейбітшілік пен тұрақтылықты дамыту үшін парламентаралық іс-әрекетті күшейту мәселесін жан-жақты талқылады.

Алқалы жиында Мәжіліс төрағасы сөз сөйлеп, қазіргі кезең өзара сыйластықты, сенімділікті, әділеттілікті, диалог пен ортақ шешімдер қабылдауды қажет ететін уақыт екенін атап өтті. Сондай-ақ биылғы конференцияның Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы қарсаңында өтіп жатқанының символдық мәні зор екеніне назар аударды.

– Осы айтулы күнге орай Қазақстан БҰҰ Жарғысы мен жаһандық басқарудың көпжақты жүйесін берік ұстанатынын ерекше атап өтемін. Еліміз дауларды дипломатиялық

жолмен шешу, күш қолданбау, егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеу бағытын басшылыққа алады. Бұл – біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың берік ұстанымы, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс спикері жаһандық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін нығайту, климаттың өзгеруімен күресу, сондай-ақ әділеттілік, теңдік және инклюзивтілік принциптерін ілгерілету ісіне қатысты ұстанымдарын білдірді.

Конференция қорытындысы бойынша барлық ел парламенттерін жалпыға ортақ және тұрақты бейбітшілік құруға белсенді қатысуға шақыратын арнайы декларация қабылданды.

Сондай-ақ Мәжіліс төрағасы конференция аясында Қытай, Вьетнам, Швеция, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Молдова, Сингапур, Грузия және Пәкістан парламенттерінің басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің баспасөз қызметі

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАР КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Мемлекет басшысы 2019 жылғы жолдауында «Елімізде әр аймақ тұрғындарының таза ауыз суға, табиғи газға, көлік инфрақұрылымына қол жеткізу деңгейі біркелкі емес екені белгілі. Осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыру қажет» деген еді.



Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы 24 елді мекеннің қазіргі таңда 20-сы орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтамасыз етілген. Қалған 4 елді мекенге жыл соңына жеткізілетін болады.

– Ақсүйек ауылын сумен жабдықтау және су тарату құрылысы нысанына 2022–2025 жылдарға 1 461,3 млн теңге бөлінген болатын. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары 90 пайызға орындалған. Хантау ауылындағы сумен жабдықтау және су тарату құрылысына Ұлттық қор мен облыстық бюджет көздерінен 1,5 млрд теңге қаржы қаралған. Құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталды. Бүгінгі таңға құрылыс жұмыстарының 80 пайызы аяқталды. Бұрылбайтал ауылындағы кешенді блокты модуль орнату жобасының құны 202,7 млн теңге. Бүгінгі таңға құрылыс жұмыстарының 35 пайызы аяқталды. Үш нысан да қазан айына дейін пайдалануға берілетін болады. Ал Қашқантеңіз ауылын сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысы жобасының құны 640,9 млн теңге. Бүгінгі таңға құрылыс жұмыстарының 35 пайызы аяқталды. Нысанды желтоқсан айында аяқтау жоспарлануда, – дейді Жам-

был облысы Мойынқұм ауданының әкімі Ермек Карентаев. Оның айтуынша, өңірде 6 елді мекендегі ауыз су имараттарын және су құбырларын қайта жаңғыртуға жалпы құны 7 157,2 млн теңгеге жоба әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Жобаларды іске асыру мақсатында 2025–2026 жылдары облыстық энергетика басқарамасына, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне бюджеттік өтінім берілген. Енді олардың қаржылық мәселесінің шешімі күтілуде.

Ермек Амангелдіұлының сөзіне қарағанда, Мойынқұм ауданындағы 9 елді мекенді (Кеңес, Бірлік, Биназар, Назарбеков, Көкжелек, Құшаман, Жамбыл, Мойынқұм, Қылышбай ауылдары) газдандыру жобалары Шу ауданы Қонаев ауылының газ құбырына қосылу нүктесінен, Мойынқұм ауданы Қылышбай ауылына дейінгі газ құбырлары жобасы 7 кезеңге бөлінген. Жобаның болжамды сметалық құны 31,5 млрд теңгені құрап отыр. Қазіргі уақытта 1-кезеңнің жұмыстары бойынша Шу ауданы, Айдарлы ауылына дейін (68,5км) магистралды газ құбырын тарту басталды. Оның 40 шақырымы тартылды.

2-4 кезең бойынша Айдарлы, Бірлік, Назарбеков, Көкжелек, Құшаман ауылдарына магистралды газ құбырын тартуға және Айдарлы, Бірлік, Биназар ауылдарының ауылышлық газ құбырына 8 млрд теңгеге жуық қаржы қажет. Энергетика мини-

стрлігіне бюджеттік өтінім ұсынылған. Ал 5-7 кезең бойынша Құшаман, Жамбыл, Мойынқұм, Қылышбай ауылдарына магистралды газ құбырын тартуға және Назарбеков, Көкжелек, Құшаман, Қылышбай, Мойынқұм ауылдарына ауылышлық газ құбырына 8,4 млрд теңге қаржы қажет. Бұл үшін Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылып отыр.

«2025 жылы жол саласына бөлінген 304,4 млн теңгеге 8,1 шақырымды құрайтын 9 ауылышлық көшелерге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтатын болсақ: Приоритет 50/50 бағдарламасымен жалпы ұзындығы 5,7 шақырымды құрайтын 2 жобаға облыстық және аудандық бюджеттен 172,5 млн тг қаралып, Қылышбай ауылының 3 көшесі, Ақсүйек ауылының 3 көшесінің автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы бойынша – жалпы ұзындығы 1,5 шақырымды құрайтын 1 жобаға республикалық және аудандық бюджеттен 49,3 млн тг қаралып, Биназар ауылының 1 көшесінің автомобиль жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аудандық бюджеттен жалпы ұзындығы 0,9 шақырымды құрайтын А.Назарбеков ауылындағы 2 көшеге орташа жөндеу жүргізу үшін 36,3 млн тг қаралды.

Бүгінгі таңға жұмыстың 45 пайызы аяқталды», – дейді аудан әкімі. Ермек Амангелдінің айтуынша, 2026 жылға аудандық маңызы бар автожолдарды және елді мекен көшелерін жөндеуге жоба құны 6 478,0 млн теңгені құрайтын 15 жоба әзірленіп, 6 жобаға ведомстволық сараптаманың оң қорытындысы алынса, қалған 9 жоба ведомстволық сараптамадан өтуде.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Аталмыш мәселелер бойынша ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі алғашқы жартыжылдық қорытындысын жариялады. Онда министрлік бастамасымен жүзеге асырылған бірқатар шараларға шолу жасалған. Мәселен, алғашқы жартыжылдықта ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің бұйрығымен журналистің бейбіт жиындарда жұмыс істеу тәртібі мен олардың айырым белгілерінің үлгісі бекітілді.

МЕДИАСФЕРАНЫ ДАМУ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

ҚР Парламенті жаңа Салық кодексын қабылдады. Онда отандық мерзімді баспа басылымдарына қосылған құн салығының (ҚҚС) жеңілдетілген мөлшерлемесін – 10% көлемінде қолдану нормалары қарастырылған. Қазақстанда халықтың медиасауаттылығын арттыру және медиасфера мамандарының біліктілігін көтеру бойынша 2025 жылға арналған жоспар бекітілген.

2025 жылдың I жартыжылдығында жоспарды іске асыру аясында салалық журналистиканы дамыту бойынша 8 оқыту

іс-шарасы өткізілді. Оқытуға 600-ден астам БАҚ өкілі мен медиа мамандықтарының студенттері, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және квазимемлекеттік құрылымдардың 400 баспасөз хатшысы қатысты.

Сондай-ақ елдің жетекші жоғары оқу орындарымен салалық журналистиканы дамыту бойынша 10 меморандумға қол қойылған.

А.МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

РЕТСІЗ САУДАҒА ТҮЙІМ САЛЫНБАҚ

Қарап отырсаңыз қаланың көрікті әрі келбетті, адам көп жүретін жерлерінде ретсіз саудамен айналысатындардың қатары азаймай тұр. Осы ретте Түркістан қаласында кезекті ретсіз сауда жасайтындармен күрес мақсатында рейд ұйымдастырылды.

Түркістан қаласы Полиция басқармасы бастығының орынбасары полиция полковнигі Алмас Мырзахметов Қ.А.Ясауи кесеніс аумағында заңсыз сауда жасаушыларға рейдтік іс-шаралар жүргізді.

Рейд барысында белгіленбеген орында сауда-саттық жасап жатқан ретсіз сауда орындары анықталды. Жабайы саудамен айналысып жатқан 10-ға жуық тұлғаға ҚР ӘҚБтК-нің 204-бабы (Белгіленбеген орындарда сауда жасау) бойынша әкімшілік хаттама толтырылды.

– Біздің жұмысымыз белгіленбеген жерде заңсыз сауда-саттық жасап, қоқыс қалдықтарын тастап немесе темекі шегіп, қалдығын көшеге лақтырып кететін жағдайларды бақылап, ондай кезде бірінші кезекте хаттама толтырып ескерту жасау. Ал егер осындай жағдай тағы да қайталанатын болса онда 204-бап бойынша айыппұл салынады, – деді Алмас Келдібекұлы.

Әкімшілік аумаққа жауапты учаскелік полиция инспекторлары ретсіз саудамен айналысып жүрген азаматтарға профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ескерту жасады.

Түркістан қаласы Полиция басқармасы бастығы орынбасарының сөзіне қарағанда заңсыз саудамен күресудің жаңа тетігі іске асырылуда екен. Мұндай жүйелі жұмыстың нәтижесінде қаланың көрікті жерлері қоқыстан тазарады.

Әрине, әрбір адам жеке кәсіппен шұғылдануына құқылы. Дегенмен де, жеке кәсіп бастап, сауда-саттықпен айналысуы үшін арнайы орындар белгіленген. Осындай арнайы белгіленген орындарда отырып сауда жасауларына болады. Қазір қала күннен-күнге үлкейіп, дамып келеді. Әдемі болып тұрған көшенің келбетін заңсыз сауда орындары

бұзып тұрғанын бәріміз түсінуіміз қажет. А. Мырзахметов қала тұрғындарынан жиі шағым түсетінін атап өтті. Оның сөзіне қарағанда, қала тұрғындары қасиетті кесене аумағында сауда жасайтындар қоқыстарын тастап кететінін, аяқ алып жүре алмайтын-дай жағдай туғанын айтып, жиі шағымданып-тын көрінеді. Киелі туристік мекен Түркістан шаһарына шетелдерден де демалушылардың саны артып келеді. Көркейіп, көз тартарлық қаланың сенін ретсіз саудамен айналысатындардың бұзып тұрғаны қынжылтатыны анық. Осы орайда қалалық әкімдік мамандары мен тәртіп сақшылары жиі рейдке шығып жүр. Себебі, сауда арнайы белгіленген орында және рұқсат етілген жерде ғана жүруі тиіс. Сондай-ақ, жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, салық төлеп тұру да міндеттелген. Дегенмен де, шаһар маңындағы ауылдардан келіп, өз өнімін сатушылар белгіленген орынға күнделікті ақы төлеп отыруға олардың қалтасы көтермейтінін айтады.

– Бізге өзіміздің отырған жеріміз ыңғайлы. Адам көп жүретін жер. Дүңгіршек қойып немесе оны жалға алуға біздің қалтамыз көтермейді. Ол қымбат. Ал кесенеден ұзақтау жерге отыратын болсақ, ол жерге ешкім бармайды. Адам бармаған соң саудамыз болмайды. Біздікі күнделікті күнкөрістің қамы ғой. Біздің сататынымыз азық-түлік немесе қалдық қалып, ашып кететін тағамдар емес. Осы кесенеге келген адамдарға арналған көде сыйларды сатамыз, – деді қала тұрғыны.

Түркістанда демалыс орындары мен парктер көптеп ашылуда. Солардың ішінде адам көп келетін жерлер Қ.А.Ясауи кесенесі, «Венеция», «Керуен сарайы», «Президенттік саябақ» және тағы басқалары. Бұл жерлердің айналасынан адам аяғы үзілмейді.



Ауыл-аймақтан келетін саудагерлер де ат басын осында тірейді. Кешкісін демалуға шыққан адамдар, жайылып тұрған жайма базарды аралайтыны белгілі. Сатушылардың қызығып, жылы орнынан қозғалғысы келмейтіні де осы көрінеді. Әкімдік оларды басқа орынға барып сауда жасауына ұсыныс білдірсе, оған ешқандай саудагердің барғысы келмейді екен.

Полиция басқармасы бастығының орынбасары полиция полковнигі Алмас Мырзахметов бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жүргізілетінін айтты.

Раушан НАРБЕК

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ТҰРУ – ЕЛІҢДІ ҚОРҒАУ

Жеңушынан жалғасқан жемқорлықтың тамырына балта шабу күн тәртібіндегі аса өзекті мәселе болғанымен күн өткен сайын елдегі жағдай ушығып бара жатқаны жасырын емес. Дегенмен, күн өткен сайын ондаған жылдар бойы бюджеттің бүйірін ке-неше сорып, халықты қан қақсатқан жемқорлар құқық қорғау органдарының құрығына ілініп те жатыр. Сәт сайын мемлекеттің қазынасы мен бюджет қоржынына сумаңдата қол салып, түр-лі құйтырқы жолдармен түйені түгімен жұтып жатқандардың түптің-түбінде қолына кісен салынып, заң алдында жауапкер-шілікке тартылып жатқаны бұған айқын дәлел. Ақмола облы-сында да жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барынша кең көлемде жүзеге асырылып келеді.



Әділдік қалқаны

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті мәліметін-ше бүгінде құқық қорғау органдары азаматтардың сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимылға жәрдемде-суінің маңыздылығына және құқық бұзушылықтар туралы уақытылы хабарлауға баса назар аударады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-те ең маңызды фактор – азаматтық ұстаным екені сөзсіз. Қоғамда заң

мен тәртіп қағидаларының сақта-луы үшін тұрғындардың сыбайлас жемқорлық қылмысының алдын алу мақсатында белсенді әрі жауапты әрекеттерінің маңызы аса зор. Осы орайда Ақмола облысындағы бір оқиғаны ерекше атап өткен жөн. Ведомство өкілдері жемқорлық қылмысының болғаны туралы аза-маттардың дер уақытында хабар-лай бастауынан елімізде халықтың біртіндеп болса да азаматтық жау-апкершілігінің артып келе жатқанын атап өтті.

АЙМАҚ АҚПАРАТ

«БІЛІМІМІЗ – ЕЛІМІЗГЕ»

Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында «Біліміміз – елімізге» атты волонтерлік жоба аясында халықаралық деңгейдегі мамандар тегін меди-циналық және кәсіпкерлік кеңес берді. Бұл жоба «Болашақ» халықаралық стипендия түлектері қауымдастығының Алматы бөлімшесінің ұйымдасты-руымен өтті. Тегін консультациялар мен кеңестер халықтың денсаулығын жақсартуға, ауруларды ерте анықтауға және алдын алуға, сондай-ақ са-палы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Екі күн ішінде 170-тен астам адам медициналық көмек алды. Кәсіпкерлік бағыттағы кеңестер де маңызды болды. Жергілікті кәсіпкерлер мен жастар өз бизнестерін дамы-туға, жаңа идеялар табуға және табысты болуға қажетті білім мен моти-вация алады. Бұл жоба тек қана медициналық немесе кәсіпкерлік көмек көрсетумен шектелмейді. Ол сонымен қатар өңірдің дамуына, білім беруге және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға бағытталған. «Болашақ» түлек-терінің өз білімдерімен және тәжірибелерімен бөлісуі өскелең ұрпаққа үлгі болып, оларды да сапалы білім алуға және елге қызмет етуге шақырады.

Іс-шараға аритмолог, онколог-гинеколог, инфекционист, эпидемиолог, эндокринолог, кардиохирург, кардиолог, оториноларинголог, мамолог, пси-холог, нефролог, аллерголог сияқты әлемнің үздік университеттерінде білім алған 12 жоғары санатты медицина маманы қатысты.

С.АСҚАР
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАУ –
АЛДЫҢҒЫ КЕЗЕКТЕ

Алакөл жағалауында полиция қызметі күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Негізгі мақсат – қоғамдық тәртіпті сақтау, санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және демалушыларға жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау, – дейді Абай облысы ПД баспасөз қызметі.

Полиция қызметкерлері санитариялық-эпидемиологиялық қызметпен бірлесіп жағалау аумағында тұрақты рейдтер ұйымдастырып жатыр. Рейд барысында санитарлық нормаларды бұзу, рұқсатсыз сауда жасау, тазалық пен тыныштықты бұзатын құқыққа қарсы әрекеттер анықталуда.

Маусым айынан бері 300-ге жуық әкімшілік құқықбұзушылық тіркелген. Оның ішінде ең көп кездесетіні – қоғамдық орындарды ластау (141 жағдай). Сонымен қатар, мал жаюға тыйым салынған аумақтарда – 74 жағдай, абаттандыру қағидаларын бұзу – 15, рұқсат етілмеген сауда – 22 факті анықталды. Жол қозғалысы бөлігінде де бірқатар заңбұзушылықтар тіркел-ген: мас күйде көлік жүргізудің – 13, құжатсыз көлік басқарудың – 7 және жаяу жүргіншілер тарапынан 8 дерек анықталған. Құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында демалушылармен де профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Е.КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Іргетас

Сыбайлас жемқорлыққа қар-сы іс-қимыл қызметіне Ақмола об-лысы аудандарының бірінде білім бөлімінің басшысы тарапынан болған заңға қайшы әрекеттер жа-салғанын хабарлаған Қатима Ах-метованың ісі осыған айқын дәлел. Бұл – заңға деген шынайы құрмет пен азаматтық жауапкершіліктің ай-қын көрінісі. Оның азаматтық оң ұстанымының арқасында департа-менттің превенция басқармасымен мемлекеттік органның басшысына сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және жолын кесу бо-йынша заңда көзделген шаралар-ды қабылдамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 680-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толты-рылды. Сот шешімімен лауазымды адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, мемлекеттік қызметтен босатылған. Бұл жағдай әрбір аза-маттың заңды қорғауға тікелей үлес қоса алатынын айқын дәлелдейді.

– Қатима Ахметованың азамат-тық батылдығы әркімнің заң және тәртіпті қорғауға өз үлесін қоса ала-тынын айқын көрсетті. Ол өз сөзінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру – өз еліңді қорғау, тек мемлекеттің ғана емес, әділетті және құқықтық қоғамға ұмтылатын әр азаматтың міндеті» деген ойын жеткізді. Еліміз-де мұндай азаматтардың көп болуы заң талаптарының іс жүзінде орын-далып, елдің болашағына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабады, – дейді ведомствоның баспасөз қызметінен. Осы орайда «Әділ қоғам» жоба-

сы мәдени-ағартушылық іс-шара-лар арқылы азаматтарды құқыққа құрметпен қарауға, заң алдында жауапкершілік пен ашықтық қағи-даттарын өмір салтына айналдыруға үндейтінін атап өткен жөн.

Мемлекеттік орган «Заң және тәртіп» апталығы шеңберінде де қа-уымдастық және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бірлесіп, қу құлқынның қамын ойлаған жемқор-лардан тәркіленіп алынып мемле-кеттің меншігіне қайтарылған қара-жат есебінен салынған әлеуметтік нысандарды көрсетуге де барынша назар аударады.

– Мұндай шаралардың мақсаты мемлекет меншігіне заңсыз алынған активтерді қайтару бойынша сыбай-лас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жүйелі жұмысы туралы ақпараттандыру болып табылады. Аталған жұмыс бюджет қаражатын қолдану мөлдірлігін арттырып, со-нымен қатар мемлекеттік институт-тарға азаматтардың сенімін нығай-туға ықпал етеді,– деп толықтырды баспасөз қызметі.

Ұрланған актив –
халыққа
қайтарылған игілік

Ведомствоның мәліметінше жемқорлардың тойымсыз жемса-уынан қайтарылған активтердің қатарында бизнес орталықтар, әкімшілік ғимараттар, коммерция-лық үй-жайлар, тұрғын үйлер, пә-терлер, жайлы мектептер, аяқтал-маған құрылыс нысандары, жер учаскелері, люкс автокөліктер мен қомақты қаражаттар бар.

Ақкөл ауданының Кіші Барап ауылында орналасқан Өтемісов атындағы оқушылар сарайы өңір-дегі осындай нысандардың бірі. Аталған сарайдың қазіргі уақытта пайдалануға беріліп қойғанын атап өткен жөн. Бүгінде мұнда замана-уи арт-шеберханалар, «Өрлеу» ко-воркинг-орталығы, спорт алаңдары, жасанды су айдыны және балаларға арналған демалыс аймақтары жұ-мыс істейді. Бұл – ұрланған актив-тердің заңды жолмен халыққа қай-

ІНДЕТ

Қазіргі уақытта алаяқтық – қоғамда кең тараған қауіпті құ-былыстардың бірі. Технология дамыған сайын, алаяқтардың айласы да көбейіп келеді. Олар адам психологиясын жақсы зерттеген, сенімді сөйлейді, уәдені үйіп-төгеді.

АЛАЯҚҚА
АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ!

Бір сөзбен айтқанда – олар сенімге кірудің шеберлері. Ал сол сенім – көп жағдайда адамның ең әлсіз тұсы.

Күн сайын жаңалықтардан «біреудің атына несие рәсімделіп кеткен», «интернет арқылы алдап ақша алған», «пәтер немесе көлік алып берем деп сан соқтырып кет-кен» деген оқиғаларды естиміз. Олардың барлығы – алаяқтардың әрекетінің салдары.

Алаяқтардың түрі көп: Бірі өзін банк қызметкері етіп таныстырып, карта деректеріңізді сұрайды;

Енді бірі арзан тауар немесе «ұтыс» уәде етіп, сілтеме арқылы ақша жымқырады;

Кейбірі тіпті жалған құжатпен үй, көлік, не жұмыс ұсынып, ха-

лықты алдап кетіп жатады. Осын-дай жағдайларға душар болған адамдардың көбі кейін «Қалай ал-данғанымды өзім де білмей қал-дым...» дейді. Себебі, алаяқтар әдейі асықтырып, ойлануға мұрша бермейді, үрей тудырып, сеніміңізді пайдаланады.

Сақтанудың жолдары қандай? Ешқашан бейтанис нөмірлер-ден келген сілтемеге өтпеңіз, жеке деректеріңізді (ЖСН, карта нөмірі, SMS-код) айтпаңыз.

Телефоныңызға банк қызмет-кері қоңырау шалып жатса, әң-гімені тоқтатып, банкке өзіңіз ха-барласыңыз.

Интернет арқылы тауар сатып алсаңыз, сенімді сайттарды ғана пайдаланыңыз.

Жұмыс, грант, пәтер, көлік

тарылғанының жарқын үлгісі екені сөзсіз.

Қырағылық –
маңызды фактор

Аймақта ұлтық қауіпсіздік коми-теті қызметінің жіті қырағылығы-ның арқасында бірқатар сыбайлас жемқорлық қылмыстарының беті ашылып жатқанын атап өткен жөн.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі Ақмола об-лысы бойынша Мемлекеттік кіріс де-партаментінің басқарма басшысын пара алды деген күдікпен ұстаған.

– Бұл факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Оған бұл-тартпау шарасын қолдану мәселесі қаралуда. Қылмыстық-процестік ко-декстің 201-бабының 1-бөлігіне сәй-кес тергеу мүддесінде өзге ақпарат жария етуге жатпайды,– деп атап өтті Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми өкілі Қайырлы Ахмет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-тегі маңызды фактор – қоғаммен кері байланыс екені рас. Осыған орай агенттіктің Ақмола облысы бойынша департаменті келесі бай-ланыс арналары арқылы кез келген азаматты құқық бұзушылықтар ту-ралы хабарлауға шақырады.

– Жемқорлық елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне, халықтың ла-йықты түрде өмір сүруіне және ел-дегі заң мен тәртіп қағидаттарының өрескел бұзылуына қатер төндіреді. Сондықтан еліміздегі барлық аза-маттарды жемқорлық жайлы хабар-лауға шақырамыз. Ол үшін тәулік бойы жұмыс істейтін әрі тегін 1424 Call-орталығына, +7 777 000 1424 WhatsApp чат-ботына, әлеумет-тік желілердегі ресми Instagram, Telegram, т.б. аккаунттарға тікелей хабарлауға болады. Бұл арналар арқылы тек шағым қабылданып қана қоймай, әділетті қоғам құру жолында халықпен бірлесе жұмыс істеудің үлгісі көрсетіледі, - деп то-лықтырды ведомствоның баспасөз қызметінен.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



мәселесінде төлемді алдын ала жа-саудан бас тартыңыз.

Кез келген күмәнді жағдайда туыстарыңызбен, таныстарыңыз-бен кеңесіңіз, асықпаңыз.

Егер алаяқтың құрбаны бол-дыңыз деп ойласаңыз – бірден құқық қорғау органдарына жү-гініңіз. Уақытында әрекет ету – әрі өзіңізді қорғаудың, әрі өзгелерді сақтандырудың жолы.

Алаяқтық – бұл тек ақша жоғал-ту емес. Бұл – жүйкеңіздің жұқа-руы, сенімнің үзілуі. Ал бұған жол бермес үшін – әркім өзі жауап-ты. Сақ болайық, заңды білейік, бір-бірімізге ескертіп жүрейік.

А.КАРИМОЛДАЕВА,
Ақтөбе қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық
сотының бас маманы

ЖЕГІҚҰРТ

САУАТТЫ ҚОҒАМ СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ТӨЗБЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдіс-терінің бірі – заңды сақтау. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңызды әрі шешуші бағыты – заңды сақтау және сот жүйесінің әділетті қызмет атқаруы. Заң үстемдігі – кез келген өркениетті елдің дамуының өзегі. Ол мемлекеттік билік пен қоғам арасындағы сенімнің іргетасы.

Сыбайлас жемқорлық – қызметтік лауазымды жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық мемлекеттік орган-дарда, жалпы қоғамда қауіпті, ол мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына кедергі кел-тіреді.

Осы тұрғыда, Ақтөбе облысының маманданды-рылған ауданаралық әкімшілік сотында сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында сот қызметкер-

лерінің қатысуымен апта сайын жедел кеңес өткізіліп отырады. Жедел кеңесте барлық сот қызметкер-лерінің еңбек тәртібінің сақталуы, сыбайлас жемқор-лыққа қатысты құқық бұзушылықтардың болдырылма-уы, олардың алдын алуы және соттардағы бақылау, өткізу режимінің күшейтілуі, судьялар мен мамандарға қойылатын жоғары әдеп талаптары, жас мамандарға тараптармен процестен тыс қарым-қатынасқа түсуге жол берілмеуі жөнінде сот төрағасына ескертіліп оты-рады.

Айсұлтан САНДУАҚАС,
Ақтөбе облысының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы
- сот отырысының хатшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Спортты қойған соң, облыс әкімінің ұсынысымен Алматы облыстық спорт басқармасының басшысы лауазымына тағайындалып, ол саланы 4,5 жыл басқардым. Күні-түні тынбай еңбек етіп, облыс спортын дамытып, республикадағы алғашқы орынға көтердім. Енді Кеген ауданында маған дейін Жолан Омаров бастаған игілікті істерді жалғастырумен қатар өзге де тың қадамдарға жол ашып, заңнама шеңберінде әрі сәтімен үлкен жұмыстарға ұйытқы болып, басы-қасында жүрміз.

– **Жергілікті мамандардың кәсіби біліктілігін сараптағанда кадр мәселесі айқындалған шығар?**

– Елге қызмет етудің бір тармағы мінезден басталады. Біріншіден, қарапайым халықпен бірлесе, сана-са еңбек ету маған өте қызық болды. Елмен етене, һәм қоян-қолтық араласа жүріп істелінген, істелініп жатқан, істелінетін жұмыстың нәтижесін уақыт көрсетіп отыр. Бір кездері әйгілі Ораз Жандосов басқарған аудан тізгінін ұстап, жауапкершілікті мойныма алған соң, өз кезегімде аудан әкімі лауазымын абыроймен атқарып, халық жадында тек жақсы істеріммен қалғым келді. «Ел көшін бастау – ерге сын, ерді қолдау – елге сын» деген аталы сөз бар. Ер азамат болған соң ауданды басқару бізге үлкен сын. Сондықтан бастаған жұмысымды жауапкершілікпен, адалдықпен атқарғым келеді. Қолдап отырған елге ризамын! Бұл ретте осы ауданнан қанат қағып, мемлекеттік қызметте мол тәжірибе жинап елге, жерге еңбек сіңірген аға, әпкелерімізден бастап қатарымызда функционалдық міндетін адал атқарып жүрген әріптестерімді құрметпен атап өтуіме болады. Кең-байтақ жерімізде, елімізде ат төбеліндей ғана болып көрінетін Кегенімізді республикадағы алдыңғы орынға көтеруді ойластырған асыл арманым бар. Сол арманға жол ашып, негіз болатын – жол, құрылыс, ауыл шаруашылығы, туризм секілді сан алуан салада мықты мамандарымыз арамызда жүр. Ұлттық рух, қайсарлық пен төзімділікті ту еткен елдің темір қазығына айналып отырған білікті мамандар көп.

Әкім деген сөз үлкен жауапкершілікті жүктейді, мен халыққа қызмет істеу үшін келдім деп санаймын. Қазір әкімдерді, мемлекеттік қызметшілерді көптеген адамдар «жемқор» санайды. Сөзінде тұрмайды деп сенбейді. Сондықтан бір ұстанымым – әкімдіктің беделін көтеру.

– **Аграрлы ауданда өндіріс орындарын ашу, инвестиция тарту, мемлекеттік бағдарламалармен берілетін (субсидия) бюджеттен бөлінетін қаражатқа қол жеткізу, оны талапқа сай бөлгізу, пайдалану мәселелері қалай шешілуде?**

– Аграрлы аудан дегенде алдымен айтар бір сөз Кеңес Одағы заманында Кеген, Нарынқол аудандарында миллионнан астам қой өсіріліпті. Жұмыс қайнап жататын. Оның шетін малшының баласы ретінде көрдім. Қазір мал саны өсіп, егістік жер көлемі енді-енді кеңейе бастады. Ауқатты шаруалар көбейді.

Қарапайым халық қарап отырған жоқ. Шама-шарқынша өнімдерін өндіріп, өңдеп жаратуда. Бірақ соның барлығын керемет деп айта алмаймын. Десек те, елдің еңбегін көре білген ләзім. Егінге қажет су мәселесін реттеу үшін ірі каналдарды қалпына келтіріп, халық қажеттілігін өтеуге облыс әкімі жақсы қолдау көрсетіп отыр. Осы каналдарды жөндеу жұмыстары толық атқарылса ауданымызда 920 гектар жер



Нұрбақыт ТЕҢІЗБАЕВ, Алматы облысы Кеген ауданының әкімі:

«ЕЛ КӨШІН БАСТАУ – ЕРГЕ СЫН...»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

**Биыл алты айда ауыл шаруашылығы өнімдері 7 млрд 459 млн теңгеге жетті. Соның ішінде дәнді дақыл – 26 649 га көкөніс – 134 га кортоп – 691 га көпжылдық шөп – 19753 га болды.*

**Ауданда 55 637 бас ірі қара, 34 565 бас жылқы, 269 569 бас қой-ешкі, 18 363 құс өсірілуде. 867,3 тонна сүт өндірілді. Аудан бойынша 4133 шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген.*

**Өнеркәсіп өндірісі 7 млрд 965 млн теңгеге орындалды.*

**Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 3 млрд 166 млн теңге.*

**Бөлішек сауда айналымы 1 млрд 513 млн теңге*

**«Кең дала» бағдарламасы бойынша несие алуға тапсырыс берген төрт тұлға 21 100 млн теңге алды.*

**«Ауыл Аманаты» бағдарламасымен жыл басынан бері 11 кәсіпкер 139 млн теңге несие алды.*

**«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша үш елді мекенде мал дәрілеу орындарын талапқа сай қоршауға 11,3 млн теңге бөлініп, жұмыс толық аяқталды. Облыстық ветеринария басқармасынан 7 елді мекенде мал қорымдарын салуға 15,4 млн теңгеге бюджеттік өтінім берілді.*

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы 5 % лизингке 24 дана ауыл шаруашылығы техникасы 283,3 млн теңгеге сатылып алынды.*

**Нысаналы мақсатында пайдаланылмаған жер телімін пайдаланушылардың келісімшарттары бір жақты бұзылып, 3607 гектар жер аудандық жер қорына қайтарылды.*

суғарылатын болады. Шаруаға бұл үлкен көмек болар еді. Барлығы осы жұмыс нәтижесін күтіп отыр. Жалпы, 30 мыңға жуық егістік жердің 20 мың гектары дәнді-дақылдарға арналған жерлер.

Инвестиция тарту бойынша 2023 жылы аудан аумағында 4 жоба болса, биыл 38 инвестициялық жоба жасалып, бәрі ретімен жүзеге асуда. Алматы облыстық энергетика басқармасы арқылы өндірістік инфрақұрылымды дамытуға құны 2,5 млрд теңге болатын «КегенМясопром» ет комбинаты салынды. Ол таяуда іске қосылады.

420 млн теңгеге жұмсалған 50 жұмыс орындық «СПК Талас» сүт өңдеу фермасы жылына 300 тонна сүт өнімдерін өндіреді. Бұл ретте былтыр сүт осы өндірісті дамыту мақсатында асыл тұқымды ірі қаралар сатылып алынды.

75 адамды тұрақты жұмыспен қамтығалы отырған жер асты тау кенін өндіретін «СлаваМұнайСервис» ЖШС-ын Тұйық ауылынан ашуды жоспарлап, оның алғашқы қадамдары әзірленуде.

Ауданымызда төрт түлік өсіру ғана емес балық шаруашылығын дамыту үшін де бірқатар бастамалар қолға алынуда. Өңірде бақтақ балығын өсіруге мақсатында «7 Colors» ЖШС-ы Кеңсу өзені бойында жұмыстарын бастап жатыр. Жобасының құны 200 млн теңге болатын өндіріс орны 18 тұрақты жұмыс орнын ашып, жылына 500 тонна бақтақ балығын талапқа сай дайындап жатыр. Қазіргі таңда жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің балықтары сатылымға шыға бастады. Бұдан бөлек Бестөбе су қоймасында былтыр ашылған бақтақ шаруашылығының жұмыстары өз алдына бір төбе.

Интернет арқылы Еңбекшіқазақ ауданының бір жігітімен танысқан едім. Сол жігіт төрт жыл Польшада бал арасын өсіру, күту, баптау секілді көзге көрінбейтін бірақ үлкен

ашып, әділдікке жетуге себепші болады. Екіншіден, талапкер мен жауапкер тең құқылы. Өктемдікке жол берілмейді. Әрине, әділдікке қол жеткізу оңай емес. Сауатты һәм білімі терең, тәжірибесі мол медиатор алғашқы қадамда-ақ тәуелсіздігін таныта алады. Медиатор

рөл атқаратын жұмыстың арнаулы оқуын оқып келіпті. Білімді де білікті сол маманды арнайы шақырып, сұраған жерін заңдастырып беріп, тұрмыстық жағдайын жасап, бал арасы шаруашылығында еңбек етуге келісімшарт жасастық. Төрт түлік секілді бал арасын да асылдандырады екен. Ғылыми тұрғыда бұл бағытта да жұмыстар басталды. Бал шаруашылығына кәсіпкерлер мен қарапайым шаруалар үлкен қызығушылық танытып отыр. Қазір Кеген ауданында Ара шаруашылығы ассоциациясы құрылды.

Аймақта атқарылып жатқан жұмыстар көлемі өте ауқымды. Көлсай көлдерінде туризм жақсы дами бастады. Өңірден ашылған мейрамханалар мен қонақүйлер шетелдік қонақтардың көңілінен шығатындай стандарттарға лайықтала бастады. Алдағы уақытта

бұл мәселеде сапа көтеріледі деп үміттенемін. Шымбұлаққа шығатын аспалы жолдарды салуға инвесторлар келіп, өз ұсыныстарын түсіруде. Орта Меркі, Шет Меркі деген жерлерімізде туризмді дамыту үшін ол жақтарға да инвесторлар тартыла бастады. Қонақ үйлер салуға ірі компаниялар ұсыныстарын түсіріп, талабымызды қабылдап, екіжақты келісімдер жасалды. Ол жұмыстар да басталып кетті.

Инвестиция тарту дегенде айтарым, бизнесмендердің жұмыс жүргізуіне мүмкіндіктерді жасай білсеңіз, іскер жандар өздері келіп, шаруаны дөңгелетіп алып кетеді. Әлбетте, бизнесменнің де бизнесмені бар. Келісімге келмес бұрын олардың алдыңғы жұмыстары мен жобаларының бәрі екшеледі. Сұраған елге мемлекеттік жер қорынан гектарлап, жер телімдерін бөліп бермейміз. Ұсынысын қабылдаған соң, мамандар барлық сала бойынша мұқият тексеріп шығады. Сан түрлі талабы бар електен өткізгеннен кейін келісімшарт жасалып, бекітіледі. Құдайға шүкір, инвесторлар баршылық. Өйткені, біздің ауданда мүмкіндіктер өте көп. Тек тетігін тауып, жұмыс істей білу керек.

Субсидияға келсем, мемлекетімізде «Ауыл Аманаты» деген бағдарлама бар. Бұл бағдарламаға

келіп, ел қажеттілігін тыңдап кеткен соң, салалық вице-министр арнайы келіп тиісті орындарға ұсыныс түсіріп, мәселені шешу жолдарын қарастырып қайтты.

Медицина саласындағы қолайсыздық деп кадрлардың тұрақтамауын айтар ем. Оған бірінші кезектегі мәселе өңірдегі ауа райының қолайсыздығы.

– **Құқық қорғау органдары, сот жүйесі басшылары жалпыхалықтық құқықтық сауат мәселелерінде қандай іс шаралар атқарып жатыр?**

– Интернет алаяқтық біздің ауданда да бар. Әсіресе, несие алуға құжаттар рәсімдеу, қаражат алып беру мәселесінде алаяқтық белең алғандықтан ішкі істер, прокуратура органдары жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Қылмысты тоқтату, оның алдын алу мақсатында аудан аумағында 700 бейнекамера орнатылды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында халықпен кездесіп, ел алдында есеп беруге тек құқық қорғау органдарының қызметкерлері ғана емес мекеме басшылары толық қатысады. Қандай да бір мәселе көтерілсе тиісті тұлғалар сол жерде елге жауап береді. Бұл заң талабы. Біз өз тарапымыздан елдің өтініш-тілегі, арыз-шағымдары заңнама шеңберінде орындалуына ықпал етіп, жауапкершілік жүгін арттырамыз. Халықпен етене араласатындықтан ақпараттық жүйе арқылы жеке парақшама «бір жерде мал ұрланды», «су тасыды» дегендей мәселелерді ел жазады. Сол жазбаларды тексеріп, бөлімдерге жіберіп жүйелі түрде жұмыс жүргізудеміз.

– **Кеген ауданында баспана мен өңірді дамыту, көгалдандыру секілді әлеуметтік экономикалық бастамалар қалай жүзеге асып жатыр?**

– Мемлекетімізден аймақты дамытуға қатысты түрлі бағдарламаларға арналып қаражат бөлінуде. Тұрғын үй кезегінде 500-ден астам адам тұрған еді. Сол адамдардың басым бөлігі әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған көп балалы аналар, асыраушысынан айырылған жандар. Мұқтаж жандарға алдыңғы жылы – 20, былтыр – 30 тұрғын үйдің кілтін бердік. Бірақ елу тұрғын үймен бес жүз адамның мәселесін шеше алмайтындығымызды есептеп облыс әкімінің қабылдауына арнайы жазылып, Кеген ауданы халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін көтердік. Нәтижесінде биыл заманауи 65 шаршы метрден астам 72 тұрғын үй елге беріледі. Сонымен қатар 25 пәтер салуға жоба жасадық. Инвестор анықталып, қаражаты бөлінді. 16 млрд 848 млн теңге қаражатпен құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 726,5 млн теңгеге 1498 шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді.

Биыл өңірде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтің туғанына 80 жыл толуына орай ескерткіш бюст орнату жұмысының басы-қасында жүрдім. Кеген ауылына кіре берісте орнатылған еңселі бюстің ашылу рәсіміне мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп, игі жақсылар бас қосты. Заманбек Нұрқаділовке қойылған белгі айналасын көгалдандырдық.

Бұдан бөлек, ауданда қысқы спорт түрлері мен ұлттық спортқа арналған екі спорт мектебі бар. Мүмкіндіктер молынан жасалғандықтан 1000-нан астам бала әртүрлі спорт үйірмелеріне қатысып, өз деңгейлерінде жетістіктерге жетуде.

– **Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет.**

Сұхбаттасқан
Нұрбол ӘЛДІБАЕВ

ПІКІР

Түрлі дауларды сотқа дейін медиаторлар көмегімен реттеп шешуге болады. Олай дейтінім, сот процестеріне қатысып отырғандар, кейде тараптардың күту залдарында айтылатын әңгімелерді естіміз. Көбі сотқа дейінгі татуласу процесінің ретін білмейді.

Негізі әр азамат өз мәселесін заңнама шеңберінде шешуі үшін конституциялық құқығын пайдалана отырып медиаторларға ерікті түрде жүгінгені абзал. Өз еркімен келдің бе, мәселенді бүге-шүгесіне дейін жасырмай ашық айт. Шындық әрдайым ақиқаттың жолын

ашып, әділдікке жетуге себепші болады. Екіншіден, талапкер мен жауапкер тең құқылы. Өктемдікке жол берілмейді. Әрине, әділдікке қол жеткізу оңай емес. Сауатты һәм білімі терең, тәжірибесі мол медиатор алғашқы қадамда-ақ тәуелсіздігін таныта алады. Медиатор

тор екі тарапқа да бейтарап пікірде болады. Әрі заң аясында өз міндетін әділетті атқарады. Заң талабын орындау барлық тараптың міндеті. Құқықтық сауатты адам мәмілеге де келе алады. Мәміле дауды ушықтырмай, тараптардың құқығын ескере отырып, ортақ келісімге келудің ең тиімді жолы.

Айнұр СӘКЕНОВА,
№2 Алакөл аудандық сотының
бас маманы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АТА-АНАЛАРЫНА ӘКІМШІЛІК ШАРА ҚОЛДАНЫЛДЫ

Елімізде «Түнгі қаладағы балалар» республикалық жедел-профилактикалық іс-шара өтіп жатыр. Бұл шараның басты мақсаты – кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз көшеде жүруіне жол бермеу.



Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүруі – бүгінде қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ювеналды полиция бөлімшелерімен бірге тұрақты түрде профилактикалық рейдтер ұйымдастырылып отырады. Басты нысаналар – компьютерлік клубтар мен кинорумдарға бас сұғып, жасөспірімдердің түнгі өмірін бақылады. Рейд аясында полиция қызметкерлері барша жасты, ата-аналарды «Заң мен тәртіпті» қатаң сақтауға шақырды.

Аталған рейдтік іс-шараның маңыздылығын түсіндірген Астана қаласы Алматы ауданының ювеналды полиция бөлімшесінің аға инспекторы Ақдидар Шаримбекова оның басты мақсатын атап өтті:

– Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта үлкендердің қарауынсыз көшеде жүруінің алдын алу. Қазіргі таңда технологияның қарқынды дамуы, ата-аналардың жұмысбастылығы, сондай-ақ бақылаудың азаюы салдарынан балалар өз бетімен қалып, түрлі қауіп-қатерге тап болып жатқанын жасыра алмаймыз. Осындай келеңсіз оқиғалардың алдын алу, қылмысқа бейім жағдайлардың туындауына жол бермеу – басты міндеттердің бірі. Бұл рейдке шығудағы басты мақсат – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс деңгейін төмендету, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Маманның айтуынша, Алматы ауданында мұндай профилактикалық рейдтер жылына кемінде 6-7 рет ұйымдастырылады. Әдетте мұндай іс-шаралар екі айда бір рет тұрақты түрде өткізіліп отырады. Алайда қажеттілікке қарай олардың саны артуы мүмкін – кей жағдайларда бір айда бірнеше рет ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл рейдтердің жиілігі ай сайынғы жұмыс нәтижелеріне байланысты анықталады. Егер жүргізілген жұмыстың қорытындысы қанағаттанарлықсыз деп танылса, онда жоспардан тыс жедел алдын алу іс-шараларын өткізу туралы арнайы бұйрық шығарылады. Сондықтан кейде мұндай рейдтің саны 12-15-ке жетуі мүмкін.

Мұндай профилактикалық шаралар жергілікті полиция қызметкерлері, білім беру ұйымдары мен басқа да мүдделі құрылымдардың бірлесуімен жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл тек құқықбұзушылықтың алдын алып қана қоймай, балалардың қауіпсіздігіне қоғам назарын аударуға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Шілденің 27-сінен бері Байқоңыр ауданы ПБ ЖПҚБ Ювеналдық полиция қызметкерлері түнгі уақытта көшеде жүрген 40-қа жуық жасөспірімді анықтады. Жалпы заң бойынша кәмелетке толмаған балаларға түнгі сағат 22:00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орындарында және 23:00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Осыны негізге

алып, тәртіп сақшылары республика көлемінде «Түнгі қаладағы балалар» атты іс-шараны жиі ұйымдастырады. Мұндағы мақсат – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен оларға қатысты қылмыстың алдын алу. Кешенді іс-шара аясында елордалық полицейлер 27-29 шілде аралығында ойын-сауық орындары, сауда орталықтары мен көшелерді аралап, проблемалық мекенжайларды тексерді. Нәтижесінде түнгі уақытта заңды өкілдерінің қадағалауынсыз үйлерінен тыс жерде жүрген жасөспірімдердің ата-аналарына әкімшілік шара қолданылды. Сондай-ақ тұрмысы нашар екі отбасы анықталып, профилактикалық есепке алыныпты. Оның бірі – Байқоңыр ауданы аумағында орналасқан жатақхананың бірінде бөлме жалдап тұратын азамат Н.А. Ол осы уақытқа дейін ішпідікке салынып, өзінің кәмелетке толмаған бес баласының тәрбиесімен толыққанды айналыспаған. Полицейлер жасөспірімдерді Астана қалалық «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне орналастырған. Әрі қарай отбасы туралы материалды Байқоңыр ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның келесі отырысына қарауға әзірлеуде.

Жамбыл облысындағы «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел-алдын алу іс-шарасының алғашқы тәулігінде тәртіп сақшылары бірқатар заң бұзушылықтарды тіркеді. Полиция департаменті балалардың тәрбиесіне қатысты ата-аналардың жауапкершілігіне ерекше назар аударып отыр. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 127-бабы негізінде 9 ата-анаға қатысты әкімшілік хаттама толтырылды. Сонымен қатар, сағат 22:00-ден кейін мекемеде жасөспірімнің болуына жол берген 4 ойын-сауық орнының иелері де жауапқа тартылды. Рейд барысында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрген 103 жасөспірім анықталды. Олардың ішінде 6 жасөспірім ойын-сауық орындарында болған. Бұл олардың заңмен белгіленген шектеулерді бұзғанын көрсетеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ

Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасындағы ересек халықтың темекіні тұтынуы туралы жыл сайынғы зерттеуінің қорытындысын жариялады. Ол ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Ересектердің темекіні тұтынуы жаһандық зерттеуі» (GATS) халықаралық әдістемесіне сәйкес 2020 жылдан бастап еліміздің ересек тұрғындары арасында жүргізіледі. Биыл да ол республиканың барлық өңірінде жүргізіліп, оған 15 жастан асқан 12 мың үй шаруашылығының бір-бір мүшесі қатысты.

ТЕМЕКІ – ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУІП

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тексерілген үй шаруашылығы мүшелерінің жалпы санынан қазіргі уақытта халықтың 17,5 пайызы темекі шегетіні анықталып отыр. Былтыр бұл көрсеткіш 20,7 пайыз деңгейінде болған еді. Халықтың 60 пайыздан астамы қалалық жерде тұратынына қарамастан темекі тартушылардың үлесі ауылдық жерлерде (19,1%) басым болып отыр. Бұл көрсеткіш қалалық жерлерде – 16,7 пайызды көрсетті. Темекі шегетін халықтың 93,8 пайызы өнеркәсіпте шығарылған темекі түрін тұтынады. Шылымқорлардың 34 пайызын ерлер, 5 пайызын әйелдер құрайды.

Егер темекі шегетіндердің жас топтары бойынша үлесіне қарайтын болсақ 15-17 жастағылардың үлесі биыл 3,6 пайызға өскені байқалады. Ал 18-28 жастағыларда 11,2 пайызға, 29-38 жастағыларда 19,3 пайызға, 39-48 жастағыларда 22,7 пайызға, 49-59 (62) жастағыларда 23,6 пайызға, 60(63) жастан жоғарылар арасында 10,6 пайызға кеміген. Яғни, 18 жастан жоғарылар арасында темекіге әуестік азайғанымен, 15-17 жастағы жасөспірімдердің шылымқорлығы қоғамды ойландыруы тиіс.

Ұлттық статистика бюросы былтыр шілде айында жүргізген зерттеуінің қорытындысын жариялаған кезде темекі шегетіндер алдыңғы жылмен салыстырғанда 20,4-тен 20,7 пайызға ұлғайғанын мәлімдеген. Ол кезде ерлердің – 39,8%, әйелдердің – 7,6 пайызы темекі шегетіні айтылған. Сондай-ақ былтыр шылымқорлар арасында қалалықтардың үлесі 19,3-тен 20 пайызға, ауылдықтар 19,6-дан 22,3 пайызға дейін өскені айтылған.

Заңнама әлі де жетілдіруді қажет етеді. Темекіні әлем елдерінің басымы бөлігінде 18 жастан

бастап сатып алуға рұқсат етілген. Қазақстан оның шекті мөлшерін 21 жасқа дейін көтерген санаулы елдің қатарына кіреді. Алайда бұл өзгеріс елдегі темекі шегетін халықтың санына айтарлықтай үлкен өзгеріс енгізе алмаған сияқты. Оны жоғарыдағы зерттеуден де аңғаруға болады.

Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар елімізде 2003 жылдың 12 маусымында қабылданған «Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заңмен реттеледі. Қолданыстағы заңнамаға жыл сайын түрлі өзгерістер мен түзетулер жасалып, темекінің бағасы көтерілгенімен, шылымқорларға бұл айтарлықтай кедергі болып жатқан жоқ. Заң қатайтылғанымен электронды шылымды қолданушылар қатары да азайған жоқ. Темекінің зияны туралы барлық жерде айтылып, жазылып, көрсетіліп жатқанымен жасөспірімдер арасында шылымқорлықтың өскені заңның орындалуын қадағалауда да әлі де олқылықтар көп екенін аңғартады. Темекіні тек рұқсат етілген жерде ғана тарту керек деген қағида да барлық уақытта бірдей қадағаланбайды. Егер Мемлекет басшысы жиі айтатын заң мен тәртіптің орындалуына азаматтық қоғам өкілдері толық атсалысатын болса, темекі тартатындар қатары қазіргіден біршама төмен болып, вейпқұмар жастар да күрт азаяры күмәнсіз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

ҚАРАСАЗДА БАЛЫҚ ӨСІРІЛУДЕ

Алматы облысының Райымбек ауданындағы Нарынқол ауылының 24 жастағы тұрғыны Данияр Тұрсын Қайратұлы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алып, Қарасазда бақтақ өсіруде. Алматы технологиялық университетін экономист мамандығы бойынша бітірген ол жеке кәсіпкерлікке бет бұрған.



– дейді «Данияр» ЖК директоры Данияр Қайратұлы.

Д. Тұрсынның айтуынша, көктемде сатып алған кезде салмағы 100 грамды ғана құраған бұл шабақтар 1,5-2 айда өсіп, салмағы 1 кг-ға дейін жететін тауарлық балыққа айнала бастапты. Тұтынушыларын ауыл тұрғындары мен Қарасаздағы Мұқағали музейін көруге келген саяхатшылар құрап отыр. Клиенттер осында отырып жейміз десе қуырып та береді. Бұл үшін тоған басына бірнеше киіз үй де тігіп қойған.

«Қазір күніне 10-15 келіге дейін бақтақ балығын сатып жатырмыз.

Мұнда таудың суы күзде-ақ қата бастайтын болғандықтан біздің жұмыс көктемнен күзге дейін ғана созылады. Осыған қарамастан бизнесті ұлғайту жоспарымыз бар.

Мәселен, биыл сатылған балықтардың ақшасына келесі жылы тағы екі үлкен бассейн салып, шабақ санын 2,5 мыңға жеткізсек деп отырмыз», – деген жас кәсіпкер табиғи, сапалы өнімге сұраныс әрдайым жоғары болатынына сенімді.

Ал «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының баспасөз хатшысы Руслан Ескендірдің сөзіне қарағанда, Алматы облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы 2023 жылдың мамыр айынан бастап жүзеге асырылуда. Мысалы, 2023 жылы облыс әкімдігі ауыл тұрғындарын несиелендіруге 8,3 млрд теңге бөліп, 1090 жоба жүзеге асырылған. Былтыр 250 бизнес жоба иелері 2,5 млрд теңгенің жеңілдетілген несие-сін алды. Ал биыл револьверлік схема бойынша 451,9 млн теңге сомасында 31 несие берілген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ІШКІ НАРЫҚТЫ ҚОЛДАУ

ҚАҒАЗ ӨНДІРІСІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кентіндегі «Хашабай Назгүл» ЖК 2013 жылдан бері тұрмыстық және санитарлық гигиеналық бағыттағы қағаз бұйымдарын өндірумен айналысады. Назгүл Хашабай басқаратын өндіріс орны айына 300-ден 350 тоннаға дейін қағаз қалдықтарын өңдеп, жылына 10 млн данадан астам өнім өндіріп Алматы облысы мен Алматы қаласындағы қағаз өндірісінің дамуына үлес қосуда.

Кәсіпкер былтыр екінші тоқсанда айналым қаражатын толықтыру үшін «Даму» қорының бірыңғай кешенді бағдарламасы шеңберінде Центр кредит банкінен қаржы алды. Онда сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары қолданылды. Осы инвестицияның, сондай-ақ ұжымның кәсібилігі мен үйлесімді жұмысының арқасында компания өзінің өндірістік базасын қайта құруды аяқтады. Ал төртінші тоқсанда сапалы қағаз өнімдерін шығаруға

мүмкіндік беретін заманауи жаңа және қуатты желілерді іске қосты. Бұл халықты жұмыспен қамту бағдарламасын қолдайтын және қызметкерлердің материалдық деңгейін жақсартатын жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етті. Өнім ассортименті кеңейіп, өндіріс процестері автоматтандырылды.

Компания табиғатқа әсерді одан әрі төмендетуге көмектесетін инновациялық технологияларды енгізуді алдағы уақытта да жалғастыруды жоспарлап отыр. Сергіз жылдық тарихы бар бұл өндіріс қазіргі таңда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие. Атап айтқанда, қағаз негіздерін өндіру өз күшімен жүзеге асырылады; майлықтар мен дәретхана қағаздарын өндіруге арналған заманауи жабдықтардың болуы; тіркелген сауда белгісі; өнімнің жоғары сапасына кепілдік; ыңғайлы, жарқын және оңай танылатын қаптама.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

МАҢЫЗДЫ ТЕТІК, ТЕГЕУРІНДІ ТҰҒЫР

Құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарының бірі – Конституцияның жоғары заңдық күшке ие болуы және оның үстемдігін іс жүзінде қамтамасыз ету. Осы міндетті жүзеге асыруда конституциялық бақылау тетігі ерекше орын алады. Конституциялық бақылау – мемлекеттегі барлық заңдар мен нормативтік актілердің Конституцияға сай келуін қамтамасыз ететін құқықтық механизм. Бұл жүйе арқылы заң шығарушы және атқарушы органдардың әрекеттері шектеулі болады және билік өкілдері Конституция аясынан шықпай жұмыс істеуге міндеттеледі.

Конституциялық бақылау тек заңдардың формалды сәйкестігін тексеріп қана қоймай, олардың мазмұнынан туындайтын құқықтық, саяси және әлеуметтік салдарларды да бағалайды. Бұл механизм мемлекеттің тұрақтылығы мен азаматтардың құқықтық сенімін нығайтады. Аталған бақылау түрі Конституцияны тек қағаз жүзіндегі құжат емес, нақты әрекет ететін құқықтық құрал ретінде орнықтырады. Сонымен қатар, ол билік тармақтарының тепе-теңдігін сақтап, заң шығару процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Конституциялық бақылаудың негізгі міндеттеріне мыналар жатады: Конституцияның үстемдігін сақтау, заңдар мен актілердің сәйкестігін тексеру, азаматтардың құқықтарын қорғау, билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті реттеу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Осы арқылы ол құқықтық мемлекетке тән қағидаттарды қамтамасыз етудің басты кепіліне айналады.

Қазақстандағы конституциялық бақылау жүйесі де дәл осы бағытта дамып келеді. 2023 жылы Конституциялық Кеңестің орнына жаңа орган – ҚР Конституциялық Соты



Мәдениет САСКЕБАЕВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы

құрылды. Бұл орган тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, мазмұндық және өкілеттілік жағынан да едәуір жетілдірілген. Ең басты жаңашылдық – азаматтардың Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығының енгізілуі. Бұл реформа халық пен билік арасындағы құқықтық көпірді нығайтып, заңнамалық әділеттілікке жол ашты.

Конституциялық Сотқа жүктел-

ген өкілеттіктердің ауқымы кең. Ол заңдардың, халықаралық шарттардың, сот актілерінің Конституцияға сәйкестігін тексереді, Конституцияны ресми түрде түсіндіреді және конституциялық дауларды шешеді. Бұл өкілеттіктер мемлекеттің құқықтық жүйесін үйлесімді және әділ етуге бағытталған.

Жаңа жүйенің енгізілуі тек техникалық өзгеріс емес, бұл – құқықтық мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған саяси-құқықтық реформа. Конституциялық Соттың құрылуы арқылы еліміздегі конституциялық бақылау жүйесі халықаралық стандарттарға жақындап, азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейі жаңа сапалық сатыға көтерілді. Осылайша, конституциялық бақылаудың мәні мен міндеттері Қазақстанда нақты институционалдық негізде жүзеге асырылып отыр.

Конституциялық бақылау – құқықтық мемлекетте қабылданатын заңдардың ең жоғарғы құқықтық акті болып табылатын Конституцияға нақты сәйкестігін қамтамасыз етудің басты тетігі. Бұл бақылау механизмі арқылы мемлекеттің заң шығару процесі конституциялық нормалармен үйлестіріліп, кез келген заңнамалық бастаманың негізінде Конституция талаптарының орындалуы қатаң бақыланады.

Заңның Конституцияға сәйкес келмеуі жағдайында оның қоғамға кері әсер ету қаупі туындайды: аза-

маттардың құқықтары бұзылуы мүмкін, билік өкілеттігі асыра пайдаланылуы ықтимал, тіпті құқықтық тұрақсыздық орын алуы ықтимал. Осындай қауіптердің алдын алуда конституциялық бақылау шешуші рөл атқарады. Ол заңды күшіне енер алдында немесе қолдану барысында заң нормаларын Конституциямен салыстыра отырып, құқықтық қайшылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Қазақстанда бұл рөлді қазіргі таңда Конституциялық Сот атқарады. Азаматтар мен мемлекеттік органдар Конституциялық Сотқа заңның немесе сот актісінің Конституцияға сәйкес еместігіне қатысты жүгінуге құқылы. Бұл – заңнамалық процестің сапасын арттырып, құқықтың әділеттілігін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық сүзгі.

Қортындылай келе, Конституциялық бақылау – құқықтық мемлекеттің негізі және Конституцияның нақты әрекет етуін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құрал. Ол заңдардың конституциялық талаптарға сәйкестігін қадағалай отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, билік тармақтарының теңгерімін сақтауға және заңнамалық жүйенің сапасын арттыруға ықпал етеді. Қазақстанда Конституциялық Соттың құрылуы бұл бақылау тетігінің тиімділігін арттырып, демократиялық-құқықтық даму жолындағы маңызды қадам болды.

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӘРТҮРЛІ

8. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Еңбекші ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі» (БСН 090440003074) (бұдан әрі - Басқарма), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Оңтүстік» Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 051140003851) ұйымды қайта ұйымдастыру жолымен Басқармамен біріккені туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Аль-Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 68-үй, тел. 8 7252 36 71 16.

9. «Evooil Group» ЖШС (БСН 211040006292) өзінің қайта ұйымдастыру жолымен «Evooil Kazakhstan» (БСН 141040012473) ЖШС-не қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Еділ Ерғожин көшесі, 17А үй немесе Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/6-үй, С блок, 4-қабат, тел. +7 776 161 11 18.

11. Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотында 1976 жылы 21 наурызда туған, Алматы қаласының тумасы, азаматша Алейникова Светлана Евгеньевна хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы іс қаралуда. Азаматша Алейникова Светлана Евгеньевнаны орналасқан жері туралы ақпарат білетін адамдар болса хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде мына мекенжай бойынша: №92 Алматы аудандық соты, 050005, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267-үй, сот орындаушы С.С. Бакиге хабарлассын, тел. 8 707 788 89 78.

12. «Evooil Kazakhstan» ЖШС (БСН 141040012473) өзіне қайта ұйымдастыру жолымен «Evooil Group» ЖШС-нің (БСН 211040006292) қосылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Северная өнеркәсіптік аймағы, 28/1 құрылыс, тел. +7 701 027 3080.

13. «Ботагоз Kz» ЖШС (БСН 031140000133) қайта ұйымдастыру тәртібімен «Керемет 01» ЖШС-ге (БСН 171040032866) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуда. Кредиторлар барлық талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төмендегі мекенжайға жолдай алады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна шағын ауданы, 4-үй, 199-пәтер, тел. +7 707 202 00 61, +7 771 173 17 87.

16. «GoldFinMarket» Ломбарды» ЖШС (БСН 230140025888) 29.07.2025 ж. бастап жаңа заңды мекенжайы туралы хабарлайды: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, №22/6 ғимарат.

20. «ТЕЗ-автоломбард» ЖШС (БСН 190240016496) ломбард қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қарағанды қаласы, Әліханов көшесі 8а, 16-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87710066777.

21. «Kinetica Investments» («Кинетика Инвестментс») ЖШС (БСН 050340005109) өзінің жарғылық капиталы 400 000 (төрт жүз мың) теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 34/29-үй, 5-қабат.

22. «Ломбард Прогресс» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізетіні туралы хабарлайды. Сауда-саттық 2025 жылғы 12 тамызда сағат 10:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 302-үй, 39-кеңсе (3-қабат) мекенжайы бойынша өтеді. Голландиялық әдіс бойынша сауда-саттыққа мынадай мүлік қойылады:

№ 1 лот: BMW 528i маркалы автокөлік, 2012 ж.ш., қозғалтқыш көлемі – 2 л / бензин, түсі – қара, бастапқы құны 8 139 917 (сегіз миллион бір жүз отыз тоғыз мың тоғыз жүз он жеті) теңге.

лот № 2: Nissan Teana маркалы автокөлік, 2014 ж. ш., қозғалтқыш көлемі - 2,5 л / бензин, түсі – қара, бастапқы құны 6 672167 (алты миллион алты жүз жетпіс екі мың жүз алпыс жеті) теңге.

Сауда-саттыққа қатысу үшін сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын өтінім беру және бастапқы құнының 10% мөлшерінде кепілдік жарна енгізу қажет. Барлық сұрақтар бойынша сенімді тұлғаға хабарласуға болады: Шолпанқұлов к. к. Тел.+7 708 831 3522.

ТАРАТУ

5. «STEYR (СТЕЙР)» ЖШС (БСН 071040002487) (130000 Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 шағынауданы, АҚ «КМК» база үйі, 46-корпус) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-промзона, 79-ғимарат, тел. 8 701 780 8588.

6. «ZAKAZBILETOV.KZ» ЖШС (БСН 220440046483) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мирас шағын ауданы, 157-үй, 796-пәтер, тел. +7 708 374 8736.

7. «Инвестициялық компания «Русский Север» Жауапкершілігі Шектеулі Қоғамдық Орталығы Астана қаласы, (БСН 170741031707) (010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Карталин көшесі, 18/1 үй, ВП-9) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Е-36 көшесі, 2-үй, 196-пәтер, тел. +7 777 857 3322.

10. «BAYAGRO» ЖШС (БСН 211140012210) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Күркелес ауылдық округі, Нұрлыжол елді мекені, Қ. Айқынбаев көшесі, №19-үй, тел. +7 701 129 1499.

14. «Lenazh» ЖШС-і (БСН 150940016206) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 35-үй,7-пәтер, индекс 160900.

15. «Boxy Wealth Technology Ltd» ЖШС-і, (БСН 250340009222) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Бескетік ауылы, М.Әуезов көшесі, 23-үй, индекс 160524.

17. «Ломбард ZHANA» ЖШС (БСН 220840021849) таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, М. Баймұханов көшесі, 3-үй, т/е үй-жай 1.

18. Абай облысы Аягөз ауданының әкімдігінің 13 маусым 2025 жылғы №9207 Қаулысы негізінде (БСН 230440026679) «Абай облысы Аягөз ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бөлініп жойылатынын хабарлаймыз. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Аягөз қаласы, Абай бульвары, 12.

19. «AQUADEZ» ЖШС (БСН 200540008588) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 48 А, 6-қабат, 607-кабинет, тел. 3276025.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылы 24 маусымда қайтыс болған Алишов Галым Акбергенұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

3. 2025 жылы 25 қаңтарда қайтыс болған Байдаулетов Ауелбек Орикбаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. 2024 жылы 18 қарашада қайтыс болған Әмзеев Есеннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №55 санда)

Көптен күткен кездесу

Шахизаданың судай жаңа BMW-5 көлігі зырылдап, көктем құшағын-



дағы қаланың шаңға батқан тығыз ауасын садақтың көк жебесіндей тіліп өтті. Болат одан көз жазып қалмас үшін қара терге түсіп, көне «Жигулимен» құйындата ілесіп келеді. Бақытына орай, оған бұл көлікті зейнет демалысына шыққан кезде, қосымша марапат ретінде «туған конторы» сыйлаған болатын. Сондықтан, бұл ескі «мотор» анау-мынау көлік емес, бұрынғы қызметтің «көзі» болатын. Алдағы машина күтпеген жерден үлкен, сұр түсті әкімшілік ғимаратты айналып өтіп, ескі өндірістік нысандардың арасымен, бұландата жүйткіді.

– Мен мұндай алып зауыт қаланың қақ ортасында жұмыс істейді деп ешқашан ойламас едім,– деп Татаринцев аңқау экскурсант құсап таңданыс білдірді.

– Бұрынғы құрылыс материалдары ғылыми зерттеу институты,– деді Болат Бүркітов. – Кейіннен «жаңа адамдардың» бірі сатып алған.

Шахизада бояуы қабыршақтанып, көтеріле бастаған қақпадағы аспалы құлыпты өз кілтімен ашып, детектив жігіттерге: «прошу, господа» деп, ішке кіруге шақырды. Содан кейін ол өзінің көрер көз қызығарлық керемет «арбасын» біздің «жабағымыздың» жанына миллиметрлік дәлдікпен қойды.

Шахизада қабағын түйіп, тұтқынның бетіне еңкейіп, тесіле қарады. Өзіне ыңғайсыз позадан ба, жоқ әлде оның әйелдік толқу сезімінен бе, мойынының жүйке тамырларының адыраа ісінгені анық білініп тұр. Мазасыз оқиғалар мен тосынсый (сюрприз) сәтін күтудің шиеленісі әр сәт сайын күшейе түсті.

– Міне, біз ақыры кездестік, Стасик – деп кербез әйел, астма ауы-

руы бар адамша ысқырық сынды дыбыс шығарып.

– Міне, мына жерге әкеліңіздер – деп, өрістеп келе жатқан драманың «режиссері» сияқты дауыстап, көз алдындағы есіктердің бірін нұсқады. Артынша, есікті өз кілтімен ашып, көзден таса болды. «Барыстық» детектив жігіттер бірі-біріне «бұл әйел не істемек» деген оймен қарап қалды. Олар іле-шала қолдағы

«олжасын» сүйреген күйі Шахизада сұлудың соңынан ерді...

Тәуекелге бармаған шамнан ішпейді...

Шамасы, бұл әлдебір кереметтің күшімен, бүтін, дұрыс сақталған зертхана болды. Мәрмәр қабырғалар, аппақ плиткадан жасалған еден, сорғыштардың, құбырлардың қалдықтары. Төрт бұрыштың бірінде біртүрлі ауыр, центрифуга ма, автоклав па, әйтеуір бір құрылғылар орналасқан. Шахизада алдындағы «құбыжықты» көрсетіп:

– Оны осы жерге кісенмен байлаңыз,– деді ол сүйріктей саусағын шығып тұрған темір тұтқалардың біріне тигізіп.

– Бұл сіздің зауытыңыз ба? – деп, полковник Қайсенов білмек болған сұрағын алыстан, орағыта сөйлеп. Артынша әйелдің сенімді жауабы да естілді:

– Жоқ. Мен жақын жерде тұрамын және бұл жерді бүгінгі шараға көптен бері дайындап қойғанмын.

– Ал сен енді не істемексің?

– Полковник, біз олай келіспеген едік қой...

– Жарайды, уайымдамаңыз, ақша өзіммен бірге. Қазір мені Стасикпен тура отыз минутқа қалдырасыз.

– Ал сіз не істейсіз?– деген Диманы Шахизада ашулы кейіппен тоқтатты. Темірболат Таирулының:

– Баретта Агатовна, біз сіздің сақтығыңызға, бәрі қауіпсіз болатындығына сенеміз – деген сөзіне, әйел тез жауап берді:

– Бәрі келісілгендей болады. Уайымдамаңыз деген Шахизада сұлу, қағазға ораған қомақты пакетті

қолдарына ұстатып, бөлмедегі жайнатып жасап қойған дастарқанды нұсқады, алғыс айтқанын күтпестен, күрт бұрылып, зертханалық бөлмеге қарай бет алды.

Мартини мен дастарқанда жайнаған дәмнен ауыз тиген жігіттер сәлден кейін өздерінің қалай қалың ұйқыға кеткенін байқамай да қалды.

Шахизаданың не істеп жатқанын өз көзіммен көруім керек деген полковник Қайсенов кенеттен денесінің құстың мамығындай жеңілдеп кеткенін сезді. Ақылы анық, жанары әдеттегідей өткір. Барысша атылып зертхананың есігіне жетті. Қаңылтырмен қапталған есікті қаратэмен айналысқан кездегі үйреншікті әдісімен қақырата тепті. Есік кәсек-мәсегімен бірге ішке қарай опырылып түсті.

...Бүкіл кеңістік төбеден бір жерден түсетін көк фосфоресцентті жарыққа толы. Белгісіз, бұрындар көр-

меген әлдебір құрылғының астынан қою қара түтін дамылсыз будақтап шығып жатыр. Тек шырылдауық шегірткенің бірқалыпты өткір, жағымсыз дауысы құлақ қалқанын жарып жіберердей шырылдайды.

– Бұл не? Не жағдай болып жатыр? Баретта Агатовна, қайдасыз? Хрулев қайда? –деп, жауап күтпестен бірнеше сұрақты жөпелемде-те қойды. Жүректі ауыртатындай әлсіз ғана жылаған дауыс естілді. Сол сәтте «Барыстықтар» өздеріне келіп, енді ғана ояна бастады. Барлығының көздері тұманға ұқсап, бұлыңғыр тартып тұр. Қан-сөлсіз өңдері түтігіп кеткен. Күн сәулесі таңқурай сынды шашақталып әйнектелген жактаулардан өтті. Сәлден кейін бұлардың шамамен бес сағат ұйықтағандары белгілі болды.

Ах, Баретта Агатовна! Ах, шайрайлы Шахаризада, біз дәл бұлай келіспеген едік қой...!

Шахизаданың құпиясы...

Әлгінде ғана «мартини» ішкен мерекелік отырыстың айқын белгілері әлі де бар, бірақ көрпелер, дастарқан жоғалып кетіпті. Бұлар суық бетон еденде жатып қалыпты. «Барыстық» жігіттердің ағзалары үшін бұл жатыстың салдары оңай болмасы белгілі. Олар жатқан орындарынан үнсіз тұрып, тізе бүкті. Ағаш құсап қатып қалған маңдайларын сұртты. Жандарын мысықтар тырнап, ауыздарына бір қора тауық түнеп кеткендей сасық иіс пен жиіркенішті дәм бар.

– Мына түрімізбен біз оп-оңай өліп қалғандай екенбіз,– деген Дима қайғырған түрмен.

– Жаспын, денім сау, бойдақпын, өзімді ұнататын қыздарым байсыз қала жаздапты ғой...

– Клофелин?!– деп, Татарцев ғылыми болжамын айтты.

– Галлюциногендік жағдай,– Ахметов медициналық білімнен хабардар екендігін білдіріп жатыр.

Бөлме іші батып бара жатқан күннің қызғылт сәулесімен шағылысып, зілдей тыныштыққа бөленген. Үлкен, бір кездері никельмен қапталған ФРИК құрылғы келесі оқиғаларды күтіп тұрғандай мелшиіп қалған. Оған арқасымен сүйеніп, шидей жіңішке аяқтарын созып, жартылай отырып, жартылай бүгіліп жатқан – жүзін қайғы ізі торлаған Станислав Хрулев әкесі жаңа өлгендей мұнайып отыр. Оның кісендеулі сол қолы басының деңгейіндегі биіктікте ілулі тұр.

Тірі екендігі анық, көрініп тұрған зақым байқалмайды.

зықтап тұрған бет әлпеттеріне бір қарап шыққаннан кейін, полковниктің төбе жағындағы бір ноқатқа тесіле қарап қалды. Тұрғандардың барлығы еріксізден ол қараған бағытқа бұрылды. Бірақ таң қаларлық ештеңе көре алмады. Темірболат Таирулы:

– Сен мені естіп тұрсың ба?– деп сұрақ қойды.

– Ал!

– Не, ал? Сен сөйлесуді ұмытқансың ба?

– Жоқ!

– Ол саған не істеді?

– Ештеңе.

– Ал сен не істедің?

– Біз сөйлестік.

– Не туралы?

– Марат кұралы.

– Содан кейін?

– Содан кейін маған қорқынышты болды. Ол маған бір стакан қой-малжың, тәтті бірдеңе ішкізді. Одан кейін алақанымен көзімді жауып еді, екеуіміз де ұшып кеттік. Басында баяу. Одан кейін тез, бірте-бірте зымырай жөнелдік.

Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде Стасик тынышталып, бағана қараған бір ноқатқа тесіле қарап қалды.

– Ал сен қай жаққа ұштын?

– Маратқа. Ол болған сияқты, артынша жоқ болып кеткен сияқты болды. Бірақ, Баретта Агатовна ұзақ уақыт оның басынан сипады, әртүрлі мейірімді сөздер айтты.

– Ал сен не істедің?

– Мен Марат менің көзіме қарайды деп қорықтым. Бірақ ол маған назар аудармады...

Полковник Ахметов Димаға «кісендерді алып таста» деп белгі берді. Хрулев сол қалпында қалып, кісеннен босаған қолдары жан кеткендей салбырап қалды.

– Әрі қарай не болды?

– Маған сізге ештеңе айтпа деп бұйырды.

– Кім бұйырды?

– Мараттың анасы.

– Неге? Жауап ретінде бұлыңғыр, үнсіз тыныштық орнады. Темірболат Таирулының есіне тағы бір медициналық термин оралды. «Сананың сомнамбула жағдайы».

– Ол тағы не деді?

– Сіздер кеткен кезде, саған Марат келеді. Сен оның көзіне тура қарауың керек, – деді. Көздер! Көздер-а-а! Көздер-а-а-а!

Стасиктің көзі аларып, қолы жоғары қарай пружинаша серпіліп кетті. Оның көздері шатынап, шарасынан шығып кете жаздады.

Жас жігіттің денесі тағы да дірілдеп-қалшылдап, бүкіл денесі құрысып бұтына жіберіп қойды. Полковник Ахметовтың бұрынғы қысқа медициналық тәжірибесіндегі қойған диагнозы: «Өмірінің соңы...!»

Ах, Баретта Агатовна, мен сізді қайткенде де табамын!»

... Дегенімен, ол ханым шарттың талаптары бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық орындады.

Ғабдулсабит ЮСУПОВ

КӨКЖИЕК

МЕЙІРІМДІ ҚОҒАМ –
МЫҚТЫ ҚОҒАМ

Инклюзия дегеніміз – адамға артықшылық беру емес, оған тең мүмкіндік жасау. Бұл – кедергіні жою ғана емес, шынайы қабылдау мен сыйластық мәдениетін қалыптастыру.

Астанадағы №84 мектеп-лицейінде ерекше білім беруді қажет ететін 28 бала оқиды. Олардың әрқайсысына жеке көмекші, логопед, дефектолог бекітілген. Мектеп мұғалімдері арнайы курстардан өткен. Бұл

– инклюзияның нақты іске асқан үлгісі.

– Балам бұрын үйде оқитын. Енді сыныпта достарымен бірге. Мінезі ашылып, оқуға ынта-сы артты. Осы мүмкіндікті жасаған ұстаздарға алғысым шексіз, – дейді ата-аналардың бірі

Жанат Әбілова. Соңғы жылдары қоғамда мүгедектігі бар адамдарға деген көзқарас біртіндеп өзгеріп келеді. Олар тек қайырымдылық объектісі емес, еңбекке жарамды, білікті, талантты азаматтар ретінде танылуда.

2023 жылы Павлодар қаласында өткен «INCLUSIVE JOB FAIR» жәрмеңкесінде 47 мүмкіндігі шектеулі азамат жұмысқа қабылданды. Олардың ішінде программист, аудармашы, бухгалтер, маркетинг секілді мамандар болды. Мемлекет жұмыс берушіге мүгедектігі бар адамды жұмысқа қабылдағаны үшін ай сайынғы субсидия төлейді. Сонымен қатар, мамандарды оқыту, қайта даярлау, кәсіби оңалту бағдарламалары іске асуда.

2022 жылы 9 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат жұмыспен қамтылған, бұл ал-

дыңғы жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көп.

Психолог және инклюзия жөніндегі сарапшы Гүлмира Қалиақпарова: «Инклюзия – тек білім мен жұмыс саласында ғана емес, тұтас қоғамда болуы керек. Мүгедектігі бар адамға жасалған жағдай – шын мәнінде, бүкіл қоғамның рухани деңгейін көрсетеді. Бұл – дамыған елдерге тән үрдіс» – дейді.

Инклюзия – адамды тек дене күйіне қарап емес, ақылына, қабілетіне, жүрегіне қарап бағалау деген сөз. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Енді қоғам тарапынан да шынайы қолдау мен түсіністік қажет. Өйткені мейірімді қоғам – мықты қоғам.

Самал АСҚАР, «Заң газеті»